

6. Директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары К.А.Мусабаев және медициналық қызметкер ас блогындағы жабдықтың тізімін жасасын, санитариялық нормаларды қатаң сақтасын, жыл бойы мектеп бойынша су ішу режимін сақтасын, қажет кезде емдәмдік үстелді ұйымдастырсын.

7. Бағдарламалық қамтым маманы Б.Б.Шаймерденов мектеп сайтында «Мектепте тамақтану» айдарын ашсын және мектепте тамақтануды ұйымдастыру бойынша ақпаратты, мәзірді, бракераждық комиссия құрамын және т. б. орналастыруды қамтамасыз етсін.

8. Әкімшілік пен педагогтардың асханадағы кезекшілік кестесін бекітсін.

9. Асхана меңгерушісінде сәйкес құжаттар мен тәуліктік сынамалар болуы тиіс, ас блогы мен ас ішу залында санитариялық нормаларды қатаң сақтасын.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры.



С.Т. Икласова

«Ақмола облысы білім
басқармасының Ерейментау
ауданы бойынша білім бөлімі
Ерейментау қаласының Насыр
Смағұлов атындағы мектеп-
лицейі» КММ-сі

КГУ «Школа-лицей
имени Насыра Смагулова города
Ерейментау отдела образования
по Ерейментаускому району
управления образования
Акмолинской области»

Бұйрық

02.09.2025

Ерейментау қаласы

Приказ

№ 58

город Ерейментау

**2025/2026 оқу жылына арналған
тамақтандыруды ұйымдастыру
туралы**

«Білім туралы» ҚР Заңының, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.31.10 № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының негізінде **БҰЙЫРАМЫ:**

1. Мектептің әлеуметтік педагогі Ж. Н. Сулейменова, мектеп есепшісі 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1–11-ші сынып оқушыларын ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.
2. Әлеуметтік қорғалмаған санаттан шыққан оқушыларды тегін және жеңілдікпен тамақтандыру бойынша мемлекеттік қызметтің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету.
3. Оқу жылының басында ата-аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігі қатарынан бракераждық комиссия құрсын, ол дайын және шикі өнімнің сапасын бақылайды, асханада санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды.
4. 2025/2026 оқу жылы мектеп бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты мектептің әлеуметтік педагогі Ж. Н. Сулейменоваға жүктелсін.
5. Медициналық жұмыскер мен тамақтануға жауапты тұлға оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлесін, оқу жылы бойы бекітілген апталық мәзір мен перспективалық мәзірі болсын, СанЕҚ талаптарына сәйкес бракераждық журналдарды, денсаулық журналдарын жүргізсін.